

to counterbalance China striving to fully control the India ocean main lanes from Asia Pacific to the Middle East and African coastline.

The strategic location and natural resources of the Central Asia (the most important are hydrocarbons) forced the major world powers to launch a geopolitical rivalry to get control over key positions in transit lanes. Russian created transportation routes that close the region to its European part became serious handicap for the regional states in their plans to get profitable positions in the global economic system as suppliers of natural resources. Russia till recently has been an influential power to dominate the region's transportation system against the interests of USA, as a case.

The USA and EU are developing transportation routes which would enable Central Asian states to be flexible in their decision making (August 2008 Central Asian states agreed with Russia rather than with the West). USA's major project which proved its viability is BTC, but there are two more projects on the way – Nabucco (Trans-Caspian pipeline) and Trans-Afghanistan pipeline.

For Americans building of transportation routes is important as Central Asian countries would have alternatives in making their choices in foreign policy. BTC showed its credibility as Azerbaijan and Georgia took pro-Western orientation. According to "Greater Central Asia" plan building transportation networks is one of the major steps in turning Central Asian countries towards West.

Transportation map for the region might seriously change the map of Eurasia and positions of the intra and extra actors. The XXI century geopolitics depends on control over energy resources and transit routes.

The New Great Game is just unveiling, and is very far from being won by any of the participants. The complex composition of the participants- global

powers and regional states, as well non-state actors (Like Islamic movements) and the host of problems involved make the game progress very twisty. Until the regional states come to the compromise on what should be their external orientation and coordinate their efforts to solve many bilateral problems and domestic troubles, the external states will manipulate them, as it would meet their interests and geopolitical plans.

1. Raja, Menon. The New Great Game in Central Asia // Survival. 2003, Vol.45, No.2, Summer. P.187-204. Also in: Edwards Matthew. The New Great Game and the New Great Gamers: Disciples of Kipling and Mackinder. Central Asian Survey// 2003. Vol.22, March. P. 83-102.

2. Johnson, Lena. Vladimir Putin and Central Asia: The Shaping of Russian Foreign Policy (Culture and Society in Western and Central Asia). I. B. Tauris, 2004.

3. Perthes, V., 2004, *America's "Greater Middle East" and Europe: Key Issues for Dialogue*, *Middle East Policy*, Volume XI, No.3, PP. 85-97.

4. Rasizade, Alic. The Bush administration and the Caspian Oil pipeline// http://www.ancsf.org/files/essaysanalysis/The_Bush_Administration_and_the_Caspian_Oil_Pipeline.pdf

5. Nicola, Stefan. Analysis: Europe's pipeline war// http://www.upi.com/Science_News/Resource-Wars/2008/02/05/Analysis-Europes-pipeline-war/UPI-24561202258576/ and see also Lindsey, A (2008, September 02). Seeking A Way Forward On Trans-Caspian Pipeline. Retrieved August 14, 2009, from Radio Free Europe Radio Liberty Web site: http://www.rferl.org/content/Seeking_Way_Forward_On_TransCaspian_Pipeline/1195765.html

6. Timeline of oil and violence Afganistan// <http://ringnebula.com/Oil/Timeline.htm>

Мақала авторлары Орталық Азия аймағындағы «Үлкен ойынның» мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін қарастырады. Сондай-ақ қазіргі кезеңдегі халықаралық қатынастардағы аймақтық және жаһандық мемлекеттердің орталық-азиялық сыртқы саясатының теориясы мен тәжірибесі талданады.

Авторы статьи рассматривают возможности и особенности т. н. «Большой игры» в регионе Центральная Азия. В статье анализируется теория и практика центральноазиатской внешней политики региональных и глобальных государств современных международных отношениях.

М. О. Иембекова

АЙМАҚТЫҚ ЫҚПАЛДАСУ ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҒАН ҚАТЫСУДАҒЫ РӨЛІ

Қазақстан тәуелсіздігін алысымен экономикасын қайта құрып, өсіп-өркендеген ел қатарына қосылу мақсатында көрші, іргелес жатқан мемлекеттермен бірге ықпалдаса даму бағытында

сындарлы саясат жүргізіп келеді. Өйткені қазіргі ғаламдану заманында мемлекеттердің жеке-дара дамуы мүмкін емес, қайткенде де сыртқы экономикалық мүдделерін үйлестіріп, өзара

ынтымақтаса даму барлық мемлекеттер үшін бүгінгі күні айқын мәселе.

Осы бағытта Қазақстанның ұстанған принципі - аймақ елдерімен біріге отырып, экономикалық жоғарғы өсу қарқынына жету. Осыған байланысты Қазақстан өзінің сыртқы саясатында ықпалдасудың барлық бағыттарын қарастырып, нақты ұсыныстарымен бірегей саясат жүргізіп келеді.

Қазақстан аймақтық ықпалдасу үдерісіне белсене қатысып қоймай, кейбіреуінің құрылуына инициатор бола білді деп айтуға болады. Атап айтқанда, ТМД-ның құрылуында Елбасы Н.Ә.Назарбаев белсенді рөл атқарды, соның нәтижесінде 1991 жылы желтоқсанда Алматы Декларациясына қол қойылды. 1992 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 47-сессиясында көтерген Елбасының тың ұсынысы 2002 жылы АӨШК-нің жұмыс істеп кетуіне түрткі болды, ШЫҰ-ның құрылуына да біздің еліміз белсене атсалысты, сонымен қатар ЕурАзЭҚ-тың құрылуына да Н.Ә.Назарбаевтың жаңа идеясы жол салды.

Посткеңестік кеңістіктегі аймақтық интеграцияның бастамасы 1991 жылы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (ТМД) құрылуынан басталды. Өзімізге белгілі КСРО ыдырасымен тәуелсіздігін алған бұрынғы социалистік даму бағытындағы елдер экономикалық-әлеуметтік жағынан да, саяси жағынан да дағдарысты жағдайда қалды. Өйткені КСРО құрамындағы елдер кезінде орталықтан жоспарлы басқаруға үйренген, бүкіл шаруашылық негізі бір-бірімен тығыз байланыста дамыған елдер үшін бөлініп, ендігі жерде жеке-дара экономикалық, саяси даму мәселесі алғашқы кезеңде үлкен қиындықтар тудырып, дағдарысқа тіреді. Осындай жағдайда славян мемлекеттерінің Минскіде бас қосуы, Орталық Азия мемлекеттерінің Ашхабадта кездесуі бәрібір де даму деңгейі, менталитеті бір бұл елдердің бұдан кейінгі даму процесінде де бір-біріне сүйенуге ұмтылысынан туғаны сөзсіз. Осының өзі ықпалдасу үдерісінің басталуының алғашқы нысаны еді. Алайда сол бірігуге ұмтылысты дер кезінде дұрыс жолға салып, дұрыс бағыт таңдау мәселесі сол кездегі мемлекеттер үшін үлкен сын болды. Бұрынғы КСРО елдері дәл сол кездегі жағдайында әлемнің басқа бірлестіктеріне қосыла алмайтын да еді, тіпті Батыс әлемі оларды қосып алуға дайын да емес еді. Сондықтан осы кезде КСРО елдерінің жігі мүлде ажырамай ТМД-ны құруы сол кезде, тәуелсіздіктің алғашқы кезінде, тығырықтан шығудың бірден-бір жолы болды.

ТМД-ны құрудың Алматы декларациясында мүше-мемлекеттер арасындағы қатынастар бұдан былай да тең құқықтық негізінде, территориялық тұтастықтарын құрметтеу, шекараларды бұзбау, қауіпсіздікті сақтау мақсатында қорғаныс ісін бірігіп жүргізу мәселелері келісілді. 1993 жылғы Минскідегі бас қосуда ТМД-ның Жарғысы қабылданды. Жарғыда Қауымдастықтың мақсаты мен міндеттері, принциптері, ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері белгіленді, Қауымдастықтың органдары бекітіліп, олардың ісін қаржыландыру мәселесі келісілді.

ТМД-ның құрылуы Батыс елдерінің жас тәуелсіз мемлекеттерге қатысты экспанциясын тежеуге де мүмкіндік берді. Ендігі жерде бұрынғы КСРО елдері нарықтық экономикалық қатынастарды орнату ісіне кірісті.

ТМД елдерінің ықпалдасу үдерістері бірнеше кезеңнен өтті. Алғашқы кезеңде қабылданған құжаттар көп болғанымен олардың көбі қағаз жүзінде қалды, белгіленген шаралар жүзеге асырылмады. Мұның өзі сол кезде мүше-мемлекеттердің әрқелкі дамуы мен ұлттық мүдделерінің басым болуынан деп пайымдауға болады.

Сол кезде мүше-мемлекеттер біртұтас экономикалық кеңістік құруға мүдделі болды. Одақтас республикалар бұрынғы кеңестер кезіндегі кәсіпорындар арасындағы кооперативтік байланысты сақтап қалуға, өз өндірісін сақтау үшін көрші елдердің рыноктарын пайдалануға тырысты. Сонымен бірге әр мемлекет өзінің экономикалық даму үрдісін қалыптастырып жатты, яғни екі тенденция қатар жүрді, бір жағынан, мемлекеттер өздерінің жеке тәуелсіз ұлттық экономикасын нарық талаптарына сай құрумен айналысты, екінші жағынан, алғашқы кезде бұрынғы экономикалық байланыстарды сақтай отырып, өз шаруашылығының өміршеңдігін қамтамасыз етуге тырысты.

Екінші кезеңде мүше-мемлекеттер бұдан әрі де біржолата бөлініп кетпей, қалыптасып қалған жаңа жағдайда, экономикалық-саяси байланыстарды жаңа сипатта сақтап одан әрі дамытуға деген ұмтылыс пайда болды. Бұл кезеңде тәуелсіз мемлекеттер өздерінің саяси егеменділігін одан әрі бекітіп, әлемдік қауымдастыққа еніп, халықаралық ұйымдарға мүше болып, елдерінің саяси, экономикалық даму деңгейін көтере бастайды.

1994 жылы ТМД елдерінің ықпалдасу үдерісінің негізгі бағыттарын белгілеген Меморандумға қол қойылды. Меморандумда ТМД елде-

рінің дамуын барлық салалар бойынша жалғастыру мәселесі тағы бір келісілді.

Зерттеушілердің пікірінше, сол кезде ТМД елдерінің ықпалдасу үдерісіне кеңінен тартылмай отырғаны, бір жағынан, тағы да Ресейдің ықпалына түсіп, тәуелсіздігінен айырылғысы келмейтіндігі болса, екінші жағынан, олар өздеріне экономикалық жағынан тиімділікті көрмей отыр деген тұжырымдар жасалып отыр.

Осы кезеңде ТМД аумағында жекелеген одақтар пайда бола бастады. 1994 жылы Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы Шартқа қол қойды. 1995 жылы Қазақстан, Ресей, Белорусь арасында Кедендік Одақ құрылды. Сонымен қатар Ресей мен Белорусь арасында жеке қауымдастық құрылды. Бір жыл өткен соң олар Одақ құрды. Міне, осының бәрі ТМД құрылғанымен, оның шеңберінде саяси, сауда-экономикалық, мәдени, т.б. салаларда көптеген құжаттар қабылданып, жұмыстар атқарылып жатқанымен, бұл жұмыстардың нәтижесі әлі де болса ТМД елдерін жақындастыратындай дәрежеде еместігін көрсетті.

Үшінші кезеңде ТМД мемлекеттері саяси және әлеуметтік-экономикалық жағынан тұрақты даму қарқынына ие болды. Ұлттық валюта тұрақтанып, инфляцияның деңгейі азаяды. Мемлекеттер өз экономикасын реформалау мәселесінде біраз табыстарға жетіп, дамудың нақты бағыттары анықталып, барлық салалар бойынша ұлттық заңдар реттеле бастады. Осы кезеңде де барлық қажетті деген мәселелер бойынша көптеген құжаттарға қол қойылды. Бірақ бұл құжаттарда белгіленген шаралардың бәрі бірдей жүзеге асқан жоқ. Құжаттардың көбі сол қол қойылған күйінде қалды. Оған себеп осы кезде Ресейдің өзінде ішкі саяси жағдайы тұрақсыз болып, жергілікті қақатығыстар мен соғыстар (Шешен соғысы) орын алды, Түрікменстан өзінің газы мен мұнайына сүйеніп, ТМД елдерінен гөрі шетелдермен жақындасуға артықшылық берді, Кавказ мемлекеттерінде де тынышсыздық орын алды.

Алайда осындай әр мемлекеттің өз проблемаларына қарамастан, ТМД ыдырамай сақталып қалды, өйткені дәл сол алғашқы кезеңдерде шетел мемлекеттерінің қысымына түспес үшін (экономикалық, саяси) мүше-мемлекеттер өздерінің бірігуінің қажет екендігін түсіністі.

Осыған байланысты мүше-мемлекеттер ТМД-ның құрамында қалып отыр және оның одан әрі жаңа бір серпінмен дамуын күткендей. Осындай жаңа бір леп ТМД елдері үшін

ЕурАзЭҚ-тың құрылғандығы деп атап көрсетуге болады.

Ықпалдасу үдерісінің жақтаушысы және инициаторы ретінде еліміздің президенті Н.Ә. Назарбаев үшін, әрине ТМД-дағы осы жағдай алаңдатушылық білдіргені сөзсіз. Сондықтан елбасы 1994 жылы наурыз айында Мәскеуге барған сапарында ММУ-дың оқытушылары мен студенттері алдында сөйлеген сөзінде ТМД-ға қатысушы елдердің жаңа бірлестігін Еуразиялық Одақты құру туралы өзінің тың ұсыныстарын білдірді. Н.Ә.Назарбаевтың бұл тың ұсынысы 2000 жылы 10 қазанда Қазақстан, Ресей, Белорусь, Қырғызстан және Тәжікстанның Еуразиялық экономикалық қауымдастықты (ЕурАзЭҚ) құру туралы келісім-шартқа қол қоюымен өзінің жалғасын тапты.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан-ақ ықпалдасу үдерісіне аса маңыз беріп, сол бағытта саясатын үзбей жүргізіп келе жатқан біздің Президентіміз сонау 90-жылдардың ортасында-ақ ықпалдасуды екіжақты және көпдеңгейлі негізде өрбітіп, «географиялық жағынан ықшамырақ, саяси бағыттамалығы жағынан нақтырақ салалар мен арналар бойынша ықпалдасуға көшуді» ұсынған еді [1, 107 б.].

ЕурАзЭҚ-ты құруды ұсынғанмен де елбасы өзінің бұл ұсынысқа қалғандары қалай қарайды, әлем қауымдастығы не ойлайды деген толғаныста болғанын өзінің «Ғасырлар тоғысында» атты еңбегінде айта келе: «Мен бұрынғысынша кеңестік кеңістіктегі ықпалдастықты жақтаймын. Ықпалдастық жайындағы өз пайымдауымды екі жыл бұрын қалыптастыра отырсам да, сол кезеңнің саяси жағдайын жеріне жете түсіне отырып, жобаның барлық қағидалары бірден жүзеге асып кете қояды деп ойлаған жоқпын. Маған екі түрлі себеп түрткі болды. Біріншісі - кешегі кеңестік елдерінде бір уақытта туындап жатқан бұдан былайғы ықпалдастықты дамыту жайындағы ұсыныстардың көңілге қонымдыларын сұрыптап, жалпы жинақтама жасау. Екіншісі - ТМД институттары қызметінде тым ұзаққа созылып кеткен босбелбеулілікті тыйып, жаңа қарқын бітіру», - деп бұл ұсынысты жасауға түрткі болған себептерді атап көрсетеді [1, 102 б.].

ЕурАзЭҚ-ты құру туралы шартта мүше-мемлекеттер арасында тығыз сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту көзделді. Сонымен қатар келісілген шараларды жүзеге асырудың ұйымдастырушылық жағы және құқықтық құралдары туралы айтылды, ұйым

шенберінде қабылданған келісімдерді бір мезгілде, уақытында жүзеге асырудың тетіктерін ойластыру белгіленді, қабылданған шешімдерді жүзеге асыруды бақылау жасау жүйесін енгізу белгіленді [2].

ЕурАзЭҚ аясында Мемлекетаралық Кеңес, Интеграциялық комитет, Парламентаралық Ассамблея, Қоғамдастықтың Соты сияқты бірқатар басқару органдары белгіленді. Осымен Қауымдастық аясындағы мемлекеттердің ықпалдасу үдерісі жаңа бір сатыға көтеріліп, ендігі жерде нақты шараларды жүзеге асыруға жағдай жасалды.

Қазіргі кезеңде ЕурАзЭҚ елдері арасында әр мемлекеттің сыртқы экономикалық және сыртқы сауда әрекеттеріне қатысты ұлттық заңдарын жақындастырып және бірізділікке келтіру жұмыстары жүргізіліп жатыр, сонымен қатар осындай жұмыстар ұлттық тауар өндірушілерді қорғау және қолдау саясатын анықтайтын заңдар бойынша да жүргізілуде. Одан әрі қарай тауарларды экспорттаудың бірыңғай тәртібін жасау, тауарларды шығаратын елдерді және олардың кедендік бағаларын анықтайтын бірыңғай тәртібін белгілеу жұмыстары жалғасын табуда.

Соңында сыртқы сауда әрекеттерін реттеудің бірыңғай тәртібін орнату туралы Келісімге қол қойылуы қажет. Осы келісімге қол қойылған соң өзара лицензияларды, сертификаттарды және тауарды шығару, кіргізуге рұқсат беру туралы мүше-мемлекеттер арасында Хаттамаға қол қойылуы керек [3, 283 б.].

Қауымдастық шеңберінде аса маңыз берілген мәселе - көлік қатынасын жандандыру және кедергісіз дамыту. Осы мақсатта көлік саясаты бойынша Кеңес құрылды. Оның негізгі міндеті - Қауымдастықтың көлік қатынасы потенциалының мүмкіндігін пайдаланып біртұтас көлік қатынасы жүйесін құру және осы бағытта үйлесімді жұмыс атқару. Алайда жүк тасымалдайтын көліктік тарифтерді реттеудегі келіспеушілік тауарлардың құнына әсер ететіндіктен бұл мәселе шешіле қоймаған болатын.

Қауымдастыққа мүше елдер арасындағы маңызды мәселе энергетика саласындағы әрекеттерді келісу болатын. Бұл салада мүше елдер энергетикамен өз елдерін қамтамасыз етуді жүзеге асыра отырып, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және сол арқылы келешекте Біртұтас энергетикалық кеңістікті құруды жоспарлап отыр. Осы бағытта мүше елдердің энергетикалық мүмкіндіктерін пайымдап, ортақ рынокты құруда тиімді шараларды

жүзеге асыруды үйлестіру үшін арнайы энергетикалық саясат Кеңесі құрылды.

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер арасындағы тағы бір атқарылып жатқан маңызды істердің бірі - су электр станцияларының құрылысының жүргізілуі, ол - Тәжікстан Республикасындағы Сангтудин ГЭС-1, Қырғыз Республикасында Қамбарата ГЭС-2.

Осындай игі шаралар легі атқарылып жатқанмен интеграциялық үдерісті әлі де болса кеңінен, жан-жақты дамытуда атқарылмай жатқан істер көп, үйлесімділікті қажет ететін мәселелер көбейіп келеді. Әлі де болса ЕурАзЭҚ мемлекеттерінің арасында электр энергиясын тасымалдау тарифтерін белгілеуде бірдей ұстаным келісілген жоқ. Бірыңғай тарифтік әдістеменің қалыптаспауы Қауымдастық аумағында транзиттік потенциалды тежейтіндігі сөзсіз. Сонымен қатар мемлекеттер арасында ұлттық салық заңнамасының кейбір нормалары ЕурАзЭҚ шеңберінде қабылданған энергетикалық интеграцияны дамытуға байланысты келісімдер мен шарттардың баптарына сәйкес келмейтіндігі көрініс тауып отыр.

Қауымдастық мемлекеттері мұнай-газ секторында да ынтымақтастықтың нәтижелі деңгейіне көтерілуді жоспарлайды. Осы мақсатта ЕурАзЭҚ мемлекеттері мұнай мен газды тасымалдауда транспорттық инфрақұрылымды және басқа елдерге мұнай-газ өнімдерін экспорттау мүмкіндіктерін кеңейту бағытында бірлесе қимылдарын үйлестіруге тырысып келеді. Осы бағыттағы маңызды жобалардың бірі Қазақстан мен Ресей бірігіп жүзеге асырып отырған Омск - Павлодар - Шымкент - Шарджау мұнай құбырын бірігіп жұмыс жасату болып отыр. Қазіргі кезде бұл құбырмен өнімнің 20 пайызы ғана жіберілуде.

Қазақстан территориясы бойынша газды тасымалдау туралы 2006-2010 жылдарға жасалған контракт Түрікменстан мен Өзбекстанда өндірілген газды «Орта Азия - Орталық» және «Бұқара - Орал» газ тасымалдау жүйесі арқылы тасымалдауды қарастырады.

2009 жылы 9 маусымда ЕурАзЭҚ-қа мүше-мемлекеттердің үкімет басшылары кездесіп, белгіленген мақсаттарды жүзеге асырудың нақты міндеттерін алға қойды, яғни: біртұтас кедендік тарифті бекіту және оны 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізу, 2011 жылдың 1 шілдесіне дейін біртұтас кедендік кеңістікке өтудің бүкіл процедураларын аяқтау, 2012 жылдың 1 қаңтарына дейін біртұтас экономикалық кеңістікті құру, Бүкіләлемдік Сауда

Ұйымымен жеке келіссөздерді тоқтатып, бұл ұйымға біртұтас кедендік кеңістік болып үш мемлекеттің бірігіп енуі жөнінде келіссөздерді бастау.

Осы белгіленген міндеттерге сай 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап үш елдің территориясында ұлттық кедендік кодекстің орнына 2009 жылы маусымда қол қойылып, қабыл-данған ортақ кедендік кодекс жұмыс жасай бастады. Ендігі жерде үш мемлекеттің де шекараларында кедендік салық біртұтас тариф бойынша алынады.

Аймақтық ықпалдасу үдерісінің тағы бір көрінісі ретінде Кедендік Одақты атап өтуге болады. 1996 жылы Мәскеудегі ТМД мемлекет басшыларының саммитінде бірінші рет Кедендік Одақ құру мәселесі қарастырылды. Басқа да қарастырылған мәселелер сияқты кедендік Одақты құру процесі ұзақ жолдан өтті. ТМД шеңберінде кедендік Одақты құру, оның басты принциптері мен жұмыс істеу механизмдерін келісу мәселесіне қатысты келіссөздер жүргізілді. Соңында 1999 жылы 26 ақпанда ТМД мемлекет басшыларының Минскідегі бас-қосуында Кедендік Одақ құру және біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы Келісім-шартқа қол қойылды. Мұның өзі бұдан былай Қазақстан, Ресей, Белорусь, Қырғызстан, Тәжік-стан арасындағы ықпалдасу үдерісінің жаңа бір кезеңге көтерілуі болды. Алайда бұл процестердің жүзеге асырылуына әлі де болса уақыт керек болды.

Өзінің «Ғасырлар тоғысында» атты еңбегінде Кедендік одақ құру мәселесі туралы: «Қазір ықпалдастық орталығын үштік кеден одағы негізінде қалыптастыра бастаған жөн. Ол үшін әсіресе салық заңын жақындастыру бағытында табанды еңбек етуіміз керек. Саяси басымды-лықтан экономикалық тиімділік басымдылыққа баса көңіл бөлетін уақыт жетті. Кеден одағы сондай ықпалдастық бағытқа негіз бола алады. Ықпалдастық барлық жақтардың экономикалық мүдделері негізінде құрылып, кеңейе түскені жөн», - деген сөздерінің өзі елбасының ықпалдасу үдерісін жан-жақты бірігулер негі-зінде тиімді ұйымдастырып, нақты нәтижелерге жетуге болатындығын түсініп, соны негіздеп отырғанын көруге болады [1, 108 б.].

ТМД аясындағы жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 2009 жылы 9 маусымда ғана Ресей, Қазақстан, Белорусь мемлекеттері осы Кедендік одақты құру және оның жұмысын 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастау туралы келісімге қол қойды. Бүгінгі таңда Кедендік Одақ өз жұмысын бастады. Осы жылдың, 2010 жылы 1 шілдесінен бастап мүше мемлекеттер арасында сауданың

бірыңғай тәртібі жүзеге аса бастайды. Мұның өзі ТМД шеңберіндегі ықпалдасу үдерісінің жаңа кезеңге өтуінің көрінісі болып табылады. Кедендік Одаққа басқа да мемлекеттердің қосылуы күтілуде.

Кедендік Одақтың құрылуы – ол Қазақстан-ның бүкіл ықпалдасуды дамытудағы инициати-васының бұзып жарып көтерілгені деп білуге болады. Ықпалдасудың келесі кезеңі 2012 жылы 1 қаңтарда үш ел арасында Біртұтас экономи-калық кеңістіктің құрылуы екендігін, мұның өзі ықпалдасудың ең жоғарғы түрі, онда капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысы қамтамасыз етілетіндігі айқын.

ҚР Президентінің биылғы, 2011 жылғы Халыққа Жолдауында: «Өткен жылы Қазақстан, Ресей мен Беларусьтің Кедендік одағы жұмысын бастады. 2010 жылдың 10 айының нәтижесінің өзінде Ресеймен және Беларусьпен сауданың көлемі 38 пайызға өсті. Қазақстандық өнімдер-дің Кедендік одақ елдеріне экспорты 52,4 пайызға артты. Бюджетке құйылатын кедендік баждың өсімі 25 пайыз болды. Осының бәрі Кедендік одақтың біздің елдеріміздің экономи-калық міндеттерін шешетін өте прагматикалық әрі нақты жоба екенін ап-анық көрсетеді», - деп атап өтілді [4].

Аймақтық ықпалдасудың осындай бағыттары қалыптасып жатқанмен, ТМД шеңберіндегі өз деңгейінде ықпалдасу үдерісі кең қанат жайып дами қоймады. Бұл туралы біраз айтылды да, ТМД-да қайта құру жұмыстарын жүргізу де ұсынылды.

2004 жылы қыркүйек айында ТМД мемлекет басшыларының Кеңесінің мәжілісінде Н.Назар-баев: «Қазіргі жағдайға сәйкес бос сөзден нақты істерге көшуге уақыт жетті...Осы жолда бірінші қадам – ол ТМД-ны түбінен қайта құру... Достастық қағаздың көптігінен «түншы-ғып қалды», көбіне қазіргі өмірдің талабына сай емес көптеген құжаттар мен қарарлар қабыл-дайтын үлкен бюрократтық бірлестікке ай-налды. Бірлесе қабылданған жүздеген құжаттар-дың бірлі-жарымы ғана жұмыс жасайды. ТМД құрамында бірін-бірі қайталайтын 70-тей орган құрылған», - атап көрсете отыра, Н.Назарбаев қайта құрудың өзіндік ұсыныстарын жария-лады. Бұл жерде атап өту керек, ТМД мемле-кеттерінің бәрі оның жұмысынан бас тартып отырған жоқ, бәрі де бірауыздан ТМД-ны қайта құруды қолдап отыр. Осыған байланысты ел басшы-ларының ұсыныстарын ескере отырып біраз өзгерістер жасалды. Бірақ сонда да ТМД-ның жұмысын жаңа серпін беріп дамыту, жандандыру қажет болды [5].

ТМД елдерінің арасындағы бірқатар келіспеушіліктерге қарамастан, бірлестік аясында бүгінгі күнге дейін көптеген істер атқарылғанын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. ТМД аясында Мемлекетаралық экономикалық комитет құрылды. Бұл орган ықпалдасу үдерісін одан әрі тереңдетіп, оны жан-жақты дамытудың механизмін ойлап табу үшін құрылды десе болады.

Н.Ә.Назарбаев ТМД мемлекет басшыларының әр басқосуында бір ғана мәселені тереңірек, жан-жақты қарастыруды ұсынды, яғни күн тәртібінде бір ғана мәселе. Мұның өзі ТМД мемлекеттері арасындағы көп салалы қатынастардың әрбір мәселесін нәтижелі шешуге негізделген ұсыныс деп табуға болады. Осы ұсынысқа қатысты қарастырылған тақырыптың бірі - ТМД аумағындағы миграция мәселесі.

Интеграциялық процестерге қатысты ТМД қатысушыларының позициясы көп жағдайда тиісті елдердегі ішкі саяси және экономикалық жағдайларға, олардың геосаяси шындықтарды бағалауына, сондай-ақ ұлттық экономиканың оңтайлы үлгісі туралы түсінігіне байланысты. Осыдан келіп ғалымдар арасында да, практиктер арасында да Достастықтың болашағына қарамақайшы көзқарастар қалыптасты», - деп атап көрсетеді Қ.Ж.Тоқаев өзінің еңбегінде [6, 71 б.].

Қазіргі кезде ТМД туралы әртүрлі пікірлерге қарамастан, мүше-мемлекеттер басшылары ТМД-ны одан әрі жаңартып, дамытуды көздеп отыр. Осының өзі бұл бірлестіктің әлі де болса мемлекеттерді ықпалдастыруда маңызы зор екендігінде.

ТМД аясында Н.Ә.Назарбаевтың тағы бір назар аударып, үлкен мән берген саясаты, ол біздің көршілеріміз Орталық Азия елдерімен ықпалдасу үдерісін дамыту мәселесі болды. Ежелден қазақтар көршімен татулықты ең жоғары орынға қойған. Сонымен бірге шекаралас жатқан, тарихи, саяси даму деңгейі ұқсас мемлекеттердің бұдан былай да экономикалық жағынан өсіп-өркендеуі және қауіпсіздігін қамтамасыз етуі үшін бірігуі - өмірдің талабы.

Өзінің «Қазақстан - 2030» атты халыққа Жолдауында Н.Ә.Назарбаев: «Ұлттық мүдделерді қорғауды, сондай-ақ таяудағы және алыс болашақтағы күштердің тепе-теңдігін қамтамасыз етудегі біздің озық қаруымыз ықпалдасу саясаты – бірінші кезекте Қазақстанның, Қырғызстанның және Өзбекстанның арасындағы Орталық Азиялық Одақты нығайту, қарсы тұру емес, басқа мемлекеттердің істеріне араласпау, келісімге келу актілері үстем болуы тиіс», - деп атап көрсеткен еді [7, 15 б.].

1994 жылы 30 сәуірде Орталық Азия елдері - Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы шартқа қол қойды. Кейін 1998 жылы шартқа Тәжікстан қол қойып, мүшелікке енді және Бірлестік жаңа атауға ие болды, бұдан былай Орталық Азия Экономикалық Қауымдастығы (ОАЭҚ) деп атала бастады. Бірлестікті құру туралы шартта экономикалық байланыстарды жандандыру, тауар, капитал, қызмет және жұмыс күшінің еркін қозғалысын қамтамасыз ету, көлік және коммуникация саласындағы саясатты жүзеге асыруға қолайлы жағдай жасау, инвестиция, салық, баға, кеден, валюта алмасу саласында консультациялар алмасу белгіленді.

Бірлестікті құрудағы басты мақсаттардың бірі Орталық Азия елдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі болғандықтан, Қазақстан мүше-мемлекеттермен бірге сыртқы қауіптен қорғанудың барлық мәселелерін шешіп, тиімді шараларды жүзеге асыруға баса назар аударып отыр. Осы ретте бітімгершілік батальонын құру, «Ортазбат» біріккен әскери жаттығуларды ұйымдастыру, тәжірибе алмасу, консультациялар жүргізу мәселелері үнемі жүргізіліп жатты. Өйткені Орталық Азия елдері шекаралары тынымсыз, сырттан үнемі қауіп төндіретіндей жағдайда болды. Бір жағында саяси тұрақсыздық орын алған, үнемі соғыс алаңына айналған Ауғанстанның өзі қаншама қауіпті төндіріп тұрғаны сөзсіз еді. Осы елден ағылған босқындар легі наркобизнес, орын алған заңсыз қару сату ісі аймақ елдерін үнемі осы құбылыстарға қарсы күресуге дайын болуға міндеттейді. Сонымен қатар исламдық мемлекет құруға ұмтылушылар мен экстремистік топтардың, террористердің әрекеттері де аса назар аударуды қажет етеді.

2000 жылғы Душанбеде өткен ОАЭҚ-тың Мемлекетаралық Кеңесінің мәжілісінде Орталық Азия елдері президенттері Қоғамдықты дамыту болашағы мен аймақтың су энергетикалық ресурстарын бірігіп пайдалану туралы пікірлерін алмасты. Мәжіліске қатысушылар Қазақстан Президентінің трансшекаралық өзендердің суын тиімді пайдалану үшін халықаралық су энергетикалық консорциумын құру туралы ұсынысына қолдау көрсетті. Алайда бұл жоба кейін жүзеге аспады. Сонымен қатар осы мәжілісте президенттер 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған ОАЭҚ-тың даму стратегиясын бекітті.

2001 жылы Алматыда өткен кезекті саммитте мүше-мемлекеттер басшылары экономика, ғы-

лым мен техника, аймақта бейбітшілікті қамтамасыз ету және тұрақтылықты нығайту, ауған мәселесін, терроризмге, радикалды діни экстремизмге және есіртікінің заңсыз айналымына қарсы бірігіп күресу бойынша пікір алысты.

Мемлекеттер су-энергетикалық комплексті, отын ресурстарын, газ құбырларын пайдалануда бірыңғай саясат жүргізуге тырысуда. Нарын-Сырдария каскадының су-энергетикалық ресурстарын комплексті түрде пайдалану туралы Келісімге кол қойылды. Сонымен қатар Қауымдастықтың біртұтас ғылыми технологиялық кеңістігін құру келісілді.

Алайда Орталық Азиялық экономикалық қауымдастық шеңберіндегі ықпалдасу үдерісі де баяу дамыды. Бұған аймақ елдерінің экономикалық бағытының әркелкілігі, олардың өз арасындағы біраз мәселеге қатысты даулардың, көзқарас алшақтықтардың болуы бірлестіктің жұмысын жандандыруға біраз бөгет болды.

2002 жылы ақпанда бірлестік атауы Орталық Азия Ынтымақтастық Ұйымы (ОАЫҰ) деп өзгертілді. 2004 жылы Душанбе кездесуінде ұйымға Ресей қосылды. Ал 2005 жылы Орталық Азия елдері Ұйымы ЕурАзЭҚ-қа қосылды.

2005 жылғы халыққа Жолдауында Н.Ә. Назарбаев Орталық Азияда ықпалдасу үдерістерін дамыту қажеттігінің себептері мен мақсаттарын былай деп атап көрсетті: «Тәуелсіздік алысымен бірінші рет, кейінгі 500 жыл ішінде біздің аймақ әлемдік экономика үшін экономикалық жағынан маңызды орын алып отыр. Біз өзіміздің транзиттік мүмкіндіктерімізді нығайтудамыз, әлемдік рынокқа құнды тауарларды – мұнай, газ, руда және ауылшаруашылық шикізатын шығарудамыз. Қазіргі кездің өзінде ежелгі Жібек жолының бағытымен жүретін ХХІ ғасырдың жаңа мұнай-газ құбырының, авто және темір жолдың бейнесі көрінуде. Біздің алдымызда «азия барыстарының» және Еуропалық Одақтың табыстары тұр.

Қазір біздің алдымызда таңдау тұр: әлемдік экономиканың мәңгі шикізат көзі болып қалу, келесі империяның келуін күту немесе орталық-азиялық ықпалдасуға шынайы кірісу.

Мен соңғысын ұсынамын. Біздің одан әрі ықпалдасуымыз – ол тұрақтылыққа, аймақтық прогреске, экономикалық және әскери-саяси тәуелсіздікке апаратын жол. Тек осылай ғана біз қауіпсіздікті қамтамасыз ете аламыз және терроризм мен экстремизмге қарсы тиімді күресе аламыз. Мұндай бірігу біздің аймағымызда тұратын қарапайым халықтың да мүддесіне сай келеді. Орталық Азия Мемлекеттерінің Одағын (ОАМО) құруды ұсынамын» [8].

Елбасының Орталық Азия Мемлекеттерінің Одағын (ОАМО) құру туралы ұсынысы барлық жұртшылық үшін тың және қажетті ұсыныс ретінде қабылданды. Қазіргі кезде осы Одақты құру жолында Орталық Азия мемлекеттері бірқатар жобаларды жүзеге асыруды қарастыруда. Сырдария мен Әмудария суларын тиімді пайдалану үшін су-энергетика консорциумын құру, «Прикаспийский» және «Каспий-Қытай» біріккен газ құбырларын салу жобасы бойынша жұмыс жасалып жатыр. Бұл құбыр түрікмен, өзбек, қазақ көгілдір отынын экспорттауға тиімді жоба.

Міне, осындай нәтижелерді көрсетіп отырған Орталық Азия елдерінің ықпалдасуының, оның табыстарының болашақта одан да кеңейетіндігі, аймақ елдерінің ынтымақтастығының жетістіктеріне байланысты екендігі сөзсіз.

Қазақстанның ықпалдасудың қай бағыты болсын, егер мемлекеттердің өсіп- өркендеуіне қолайлы жағдай жасайтын болса, қолдауға әзір екені осы күнге дейін жүргізіп келген саясатынан көрінеді.

Қазақстан Республикасының ықпалдасу үдерісін жүргізуде Н.Ә.Назарбаевтың бастауымен ТМД аумағында көшбасшысы болып келе жатқанын Ресей премьер-министрі В.Путин де 2010 жылы 3 наурызда Қазақстан премьер-министрі К. Мәсімовпен кездесуінде атап өтті: «Қазақстан біздің ірі сауда-экономикалық әріптестеріміздің ішінде үшінші орынды нақты иеленеді. Бүгінгі күні Қазақстан посткеңестік кеңістіктегі ықпалдасу үдерісінің сөзсіз жетекшісі болып табылады» [9].

Мұның өзі Қазақстанның сыртқы саясаттағы ықпалдасуға, ынтымақтастықты тереңдетіп, жоғары даму қарқынына жетуге деген бағытының, жүргізіп отырған саясатының бір жағынан әлемдік өркениетті дамытуға қосып отырған үлесінің қомақтылығының дәлелі.

1. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Өнер, 1996. - 272 б.

2. Договор об учреждении ЕвразЭС// www.akorda.kz

3. Исингарин Н. 10 лет СНГ. Проблемы, поиски, решения. - Алматы, 2001 – 400 с.

4. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2011 жыл. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» // www.akorda.kz

5. Выступления Президента РК Н. Назарбаева на саммите СНГ. 2004 г. сентябрь// www.akorda.kz

6. Тоқаев Қ. Қазақстан Республикасының дипломатиясы. - Алматы, 2002. - 568 б.

7. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030. - Алматы, 1997. - 176 б.

8. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2005 жыл. «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» // www.akorda.kz

9. Встреча премьер-министра РК К. Масимова с премьер-министром России В. Путиным // www.kazembassy.ru

В статье раскрываются проблемы и перспективы интеграционных процессов в рамках СНГ, ЕврАзЭС и Центральноазиатского союза. Определяется место и роль

Казахстана в развитии интеграционных процессов в постсоветском пространстве.

The article deals with the challenges and perspectives of integration processes within CIS, EAEC and Central Asian region. It is also discussed the place and role of Kazakhstan in the development of integration process in the post-soviet states.

Б. Даишэвэг

ИНТЕГРАЦИОННЫЕ ИДЕИ ПРЕЗИДЕНТА РК Н.А. НАЗАРБАЕВА

Интеграция является веянием XXI века. Несмотря на существующие противоречия и конфликты в разных точках земли, значительные регионы мира охвачены интеграционным процессом. Центральная Азия не исключение.

Центральная Азия - это регион, который исторически и цивилизационно сложился как этнокультурное и конфессиональное сообщество и является совокупностью политических образований в географическом пространстве между славяно-христианским, южноазиатским, восточноазиатским и арабским мирами. В конце XX вв. концепция Центральной Азии стала трактоваться в зависимости от геополитических соображений – в наиболее узком виде она сводится к формуле пяти постсоветских республик; в расширенном варианте выглядит как регион, включающий и территории ряда других государств, «интерферирующихся» или близких по этническим или другим характеристикам. Появляются и иные по пространственно-политическому формату интеграционные схемы, предусматривающие решение конкретных задач, соответствующих интересам находящихся за пределами региона геополитических центров силы [1].

Впервые с 90-х годов XX вв. президент РК Н. Назарбаев выступил не с одним десятком различных внешнеполитических инициатив и предложений, которые апологетами так называемого "евразийства" оценивались, как некие "глобализационные идеи" и "крупные геополитические проекты", а их автор удостоивался титула "главного интегратора", "политического мыслителя континентального масштаба" и т.д. [2].

«Интеграционные инициативы» президента РК Н. Назарбаева, включая его идею Центральноазиатского союза (ЦАС), с каждым разом

получают все большее количество положительных оценок в зарубежных политических и экспертных кругах. И это доказывает то, что одним из приоритетных направлений внешней политики Республики Казахстан является приверженность интеграционным процессам региона.

Достаточно вспомнить такие идеи Н. Назарбаева, как "Совещание по взаимодействию и мерам доверия в Азии" (1992 г.), "Евразийский союз" (1994 г.), программа "Десять простых шагов навстречу простым людям" (1998 г.), "Туркестанский союз" (2000 г.), "Мини-ОПЕК" (2001 г.), "Форум лидеров мировых и традиционных религий" (2003 г.), "Центральноазиатский экономический союз" (2005 г.), "Проект реформирования СНГ" (2005 г.), "Союз Центральноазиатских стран" (2006-2007 гг.), "Казахско-киргизский союз" (2007 г.) и др. [3].

С момента обретения независимости лидером Казахстана генерируются интеграционные инициативы, свидетельствующие о непрекращающемся поиске Казахстаном оптимальных вариантов многостороннего межгосударственного сотрудничества в рамках региона. В ходе председательствования Казахстана в ОБСЕ в 2010 г. предпринимались шаги, для того, чтобы использовать потенциал и инструментов данной международной организации в процессе построения безопасной, стабильной и процветающей ЦА, повышения привлекательности региона, в том числе экономической.

Предстоящее в 2011 г. председательство Казахстана в Организации Исламской Конференции, самой крупной и наиболее влиятельной официальной правительственной мусульманской международной организации (объединяющей 57 стран с населением около 1,2 млрд. человек), как ожидается, так же будет направ-